



Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті мемлекеттік мекемесінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 2019 жылғы 12 тамыздағы № 68-НҚ бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Жауапты хатшысының 2019 жылғы 1 тамыздағы № 7-Ө бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті туралы ереженің 21-тармағының 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология "Батысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің

"Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеттің Заң басқармасы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық нысандағы көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитетінің төраға орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық

1) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 16-тармағы 19) және 22) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі;

2) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Батысқазжерқойнауы" республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 16-тармағы 19) және 22) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі;

3) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2024 жылғы 1

қаңтарға дейін қолданыста болатын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 16-тармағы 19) және 22) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі;

4) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Орталыққазжерқойнауы" республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 16-тармағы 19) және 22) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі;

5) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 16-тармағы 19) және 22) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

А. Надырбаев

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
Геология комитеті Төрағасының
2019 жылғы 12 тамыздағы
№ 68-НҚ бұйрығымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Шығысқазжерқойнауы" ӨД) Шығыс Қазақстан облысының аумағында мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру

салаларындағы функцияларды жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД-нің құрылымында:

- 1) Өскемен өңірлік инспекциясы;
- 2) Семей өңірлік инспекциясы бар.

3. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтары және осы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД егер осыған уәкілеттік берілген болса, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде актілер шығарады.

8. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан – әрі Министрлік) Аппарат басшысымен бекітіледі.

9. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070004, Өскемен қаласы, Тоқтаров көшесі, 35.

10. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД толық атауы:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі".

11. Осы Ереже "Шығысқазжерқойнауы" ӨД құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қызметтерін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: елдің барлық өндірістік саласын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

15. Міндеттері: мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

1) мемлекет меншігіндегі, сондай-ақ иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының сақталуын бақылау;

3) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

4) тарихи шығындар мөлшерін, геологиялық ақпарат алудың құны мен талаптарын айқындау;

5) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

6) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

7) су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған жеке және өанды тұлғалар жүргізетін су қорғау іс-шараларын келісу;

8) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

9) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру;

10) жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу;

11) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

12) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған, өздері берген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

15) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

16) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

17) өздігінен ағып жататын иесіз гидрогеологиялық және авариялық мұнайгаздық ұңғымаларды жою мен консервациялауды өткізу және ұйымдастыру;

18) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

19) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

20) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

21) тәулігіне 1000 текше метрге дейін жерасты сулары учаскелері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

22) пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

23) жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыз су сапасындағы жерасты суларын пайдалануға және (немесе) алуға су пайдалану шартын келісу;

24) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

25) жер қойнауын пайдаланушының теңгеріміне ұнғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

26) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 2-1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 3-1), 4), 9), 10) және 13) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы тексерудің олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлау;

27) мемлекеттік бақылау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

29) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

30) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету;

31) елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылыс салынатын учаске астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы оң қорытындысын келісу;

32) облыстың жергілікті атқарушы органымен анықталатын кен іздеушілікке арналған аумақтарды келісу;

33) өтініш берілген жер қойнауы учаскесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстар перспективасының жоқ екендігін растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптама қорытындысын беру;

34) пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

35) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларында" (бұдан әрі - Қағидалар), 4-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, 4 және 5-тармақтарында көзделген есептер, мәліметтерді жинақтау мақсаттары үшін ақпаратты, есептерді қағаз тасығышта қабылдау;

36) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияларға аумақтарды келісу;

37) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған аумақтарды келісу;

38) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД құқықтары мен міндеттері:

"Шығысқазжерқойнауы" ӨД-нің мыналарға:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзгеде іс-шараларды өткізуге;

5) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қызметінің басшылық ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асырады

"Шығысқазжерқойнауы" ӨД міндеттеріне:

1) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД-ге жүктелген міндеттер мен қызметтерді іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

4) бухгалтерлік есепті жүргізу;

5) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Комитет пен Министрлікке беру;

6) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД-ге бөлінген бюджеттік қаражатты толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу кіреді.

3-тарау. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қызметін ұйымдастыру

18. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД басшылықты басшы жүзеге асырады, "Шығысқазжерқойнауы" ӨД жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

19. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД Министрліктің аппарат басшысымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

20. Басшының Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитетінің төрағасымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары бар.

21. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының және "Шығысқазжерқойнауы" ӨД құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерін өз орынбасарларын қоспағанда, лауазымға тағайындайды және босатады;

3) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлеріне өз орынбасарларын тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

4) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД мүддесін басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

5) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД бұйрықтарына қол қояды;

6) "Шығысқазжерқойнауы" ӨД жұмыс жоспарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Шығысқазжерқойнауы" ӨД басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін белгіленген тәртіптегі бұйрығына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД басшысы өз орынбасарларының, құрылымдық бөлімшілердің басшылары мен "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды.

"Шығысқазжерқойнауы" ӨД кадрлық жұмыстар бойынша іс-жүргізу орталықтандырылған тәртіппен Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің тиісті бөлімшесінде жүзеге асырылады.

23. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД басшысының орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде "Шығысқазжерқойнауы" ӨД-нің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-тарау. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД мүлкі

24. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД шұғыл басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД мүлкі оған мемлекетпен тапсырылған мүлік есебінен қалыптасады және "Шығысқазжерқойнауы" ӨД теңгерімінде олардың құны көрсетілетін негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өзге де мүліктен тұрады.

25. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңда өзгеше көзделмесе, "Шығысқазжерқойнауы" ӨД өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Шығысқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
Геология комитеті Төрағасының
2019 жылғы 12 тамыздағы
№ 68-НҚ бұйрығымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті"

республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Батысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Батысқазжерқойнауы" ӨД) Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының аумақтарында мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларында функцияларды жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. "Батысқазжерқойнауы" ӨД-нің құрамында:

- 1) Ақтөбе өңірлік инспекциясы;
- 2) Атырау өңірлік инспекциясы;
- 3) Батыс Қазақстан өңірлік инспекциясы;
- 4) Маңғыстау өңірлік инспекциясы бар.

3. "Батысқазжерқойнауы" ӨД өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтары және осы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Батысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

4. "Батысқазжерқойнауы" ӨД республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Батысқазжерқойнауы" ӨД егер осыған уәкілеттік берілген болса, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Батысқазжерқойнауы" ӨД егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Батысқазжерқойнауы" ӨД өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде актілер шығарады.

8. "Батысқазжерқойнауы" ӨД құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан – әрі министрлік) аппарат басшысымен бекітіледі.

9. "Батысқазжерқойнауы" ӨД орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 030020, Ақтөбе қаласы, Астан ауданы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 5 "б".

10. "Батысқазжерқойнауы" ӨД толық атауы:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Батысқазжерқойнауы" Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Батысқазжерқойнауы" ӨД құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Батысқазжерқойнауы" ӨД қызметтерін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Батысқазжерқойнауы" ӨД Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. "Батысқазжерқойнауы" ӨД негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: елдің барлық өндірістік саласын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

15. Міндеттері: мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

1) мемлекет меншігіндегі, сондай-ақ иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының сақталуын бақылау;

3) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

4) тарихи шығындар мөлшерін, геологиялық ақпарат алудың құны мен талаптарын айқындау;

5) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

6) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

7) су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған жеке және өанды тұлғалар жүргізетін су қорғау іс-шараларын келісу;

8) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

9) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру;

10) жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу;

11) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

12) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған, өздері берген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

15) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

16) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

17) өздігінен ағып жататын иесіз гидрогеологиялық және авариялық мұнайгаздық ұңғымаларды жою мен консервациялауды өткізу және ұйымдастыру;

18) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

19) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

20) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

21) тәулігіне 1000 текше метрге дейін жерасты сулары учаскелері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

22) пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

23) жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыз су сапасындағы жерасты суларын пайдалануға және (немесе) алуға су пайдалану шартын келісу;

24) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

25) жер қойнауын пайдаланушының теңгеріміне ұнғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

26) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 2-1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 3-1), 4), 9), 10) және 13) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы тексерудің олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлау;

27) мемлекеттік бақылау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

29) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

30) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету;

31) елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылыс салынатын учаске астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы оң қорытындысын келісу;

32) облыстың жергілікті атқарушы органымен анықталатын кен іздеушілікке арналған аумақтарды келісу;

33) өтініш берілген жер қойнауы учаскесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстар перспективасының жоқ екендігін растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптама қорытындысын беру;

34) пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

35) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларында" (бұдан әрі - Қағидалар), 4-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, 4 және 5-тармақтарында көзделген есептер, мәліметтерді жинақтау мақсаттары үшін ақпаратты, есептерді қағаз тасығышта қабылдау;

36) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияларға аумақтарды келісу;

37) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған аумақтарды келісу;

38) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. "Батысқазжерқойнауы" ӨД құқықтары мен міндеттері:

"Батысқазжерқойнауы" ӨД-нің мыналарға:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрауға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзгеде іс-шараларды өткізуге;

5) "Батысқазжерқойнауы" ӨД қызметінің басшылық ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

"Батысқазжерқойнауы" ӨД міндеттеріне:

1) "Батысқазжерқойнауы" ӨД-ге жүктелген міндеттер мен қызметтерді іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) "Батысқазжерқойнауы" ӨД теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

4) бухгалтерлік есепті жүргізу;

5) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Комитет пен Министрлікке беру;

6) "Батысқазжерқойнауы" ӨД-ге бөлінген бюджеттік қаражатты толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу кіреді.

3-тарау. "Батысқазжерқойнауы" ӨД қызметін ұйымдастыру

18. "Батысқазжерқойнауы" ӨД басшылықты басшы жүзеге асырады, "Батысқазжерқойнауы" ӨД жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

19. "Батысқазжерқойнауы" ӨД Министрліктің аппарат басшысымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

20. Басшының Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті төрағасымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары бар.

21. "Батысқазжерқойнауы" ӨД басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының және "Батысқазжерқойнауы" ӨД құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) "Батысқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерін өз орынбасарларын қоспағанда, лауазымға тағайындайды және босатады;

3) "Батысқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлеріне өз орынбасарларын тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

4) "Батысқазжерқойнауы" ӨД мүддесін басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

5) "Батысқазжерқойнауы" ӨД бұйрықтарына қол қояды;

6) "Батысқазжерқойнауы" ӨД жұмыс жоспарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Батысқазжерқойнауы" ӨД басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін белгілінген тіртіптегі бұйрығына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Батысқазжерқойнауы" ӨД басшысы өз орынбасарларының, құрылымдық бөлімшілердің басшылары мен "Батысқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды.

"Батысқазжерқойнауы" ӨД кадрлық жұмыстар бойынша іс-жүргізу орталықтандырылған тәртіппен Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің тиісті бөлімшесінде жүзеге асырылады.

23. "Батысқазжерқойнауы" ӨД басшысы орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде "Батысқазжерқойнауы" ӨД-нің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-тарау. "Батысқазжерқойнауы" ӨД мүлкі

24. "Батысқазжерқойнауы" ӨД шұғыл басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар. "Батысқазжерқойнауы" ӨД мүлкі оған мемлекетпен тапсырылған мүлік есебінен қалыптасады және "Батысқазжерқойнауы" ӨД балансында олардың құны көрсетілетін негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өзге де мүліктен тұрады.

25. "Батысқазжерқойнауы" ӨД бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңда өзгеше көзделмесе, "Батысқазжерқойнауы" ӨД өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Батысқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Батысқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Геология комитеті Төрағасының
2019 жылғы 12 тамыздағы
№ 68-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД) Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарында мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларында функцияларды жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД-нің құрамында:

- 1) Қостанай өңірлік инспекциясы;
- 2) Солтүстік Қазақстан өңірлік инспекциясы;
- 3) Ақмола өңірлік инспекциясы бар.

3. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтарына және осы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

4. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік

тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД егер осыған уәкілеттік берілген болса, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде актілер шығарады.

8. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан-әрі министрлік) аппарат басшысымен бекітіледі.

9. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі, 1, корпус "Б".

10. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД толық атауы:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Солтүстікқазжерқойнауы" Солтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі".

11. Осы Ереже "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД құрылтай құжаттары болып табылады.

12. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметтерін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: елдің барлық өндірістік саласын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

15. Міндеттері: мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

1) мемлекет меншігіндегі, сондай-ақ иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының сақталуын бақылау;

3) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

4) тарихи шығындар мөлшерін, геологиялық ақпарат алудың құны мен талаптарын айқындау;

5) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

6) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

7) су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған жеке және өанды тұлғалар жүргізетін су қорғау іс-шараларын келісу;

8) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

9) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру;

10) жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу;

11) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

12) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған, өздері берген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

15) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

16) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

17) өздігінен ағып жататын иесіз гидрогеологиялық және авариялық мұнайгаздық ұнғымаларды жою мен консервациялауды өткізу және ұйымдастыру;

18) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

19) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

20) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

21) тәулігіне 1000 текше метрге дейін жерасты сулары учаскелері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

22) пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

23) жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыз су сапасындағы жерасты суларын пайдалануға және (немесе) алуға су пайдалану шартын келісу;

24) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

25) жер қойнауын пайдаланушының теңгеріміне ұңғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

26) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 2-1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 3-1), 4), 9), 10) және 13) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы тексерудің олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлау;

27) мемлекеттік бақылау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні

ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

29) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

30) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету;

31) елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылыс салынатын учаске астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы оң қорытындысын келісу;

32) облыстың жергілікті атқарушы органымен анықталатын кен іздеушілікке арналған аумақтарды келісу;

33) өтініш берілген жер қойнауы учаскесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстар перспективасының жоқ екендігін растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптама қорытындысын беру;

34) пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

35) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларында" (бұдан әрі - Қағидалар), 4-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, 4 және 5-тармақтарында көзделген есептер, мәліметтерді жинақтау мақсаттары үшін ақпаратты, есептерді қағаз тасығышта қабылдау;

36) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияларға аумақтарды келісу;

37) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған аумақтарды келісу;

38) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД құқықтары мен міндеттері:

"Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД-нің мыналарға:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзгеде іс-шараларды өткізуге;

5) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметінің басшылық ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

"Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД міндеттеріне:

1) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД-ге жүктелген міндеттер мен қызметтерді іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

4) бухгалтерлік есепті жүргізу;

5) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Комитет пен Министрлікке беру;

6) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД-ге бөлінген бюджеттік қаражатты толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу кіреді.

3-тарау. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметін ұйымдастыру

18. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшылықты "басшылықты басшы жүзеге асырады, "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

19. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД Министрліктің аппарат басшысымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

20. Басшының Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігінің қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары бар.

21. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысының мақсаттары:

1) өз орынбасарларының және "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерін өз орынбасарларын қоспағанда, лауазымға тағайындайды және босатады;

3) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлеріне өз орынбасарларын тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

4) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД мүддесін басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

5) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД бұйрықтарына қол қояды;

6) "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД жұмыс жоспарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Министрліктің жауапты хатшысының бұйрығына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысы өз орынбасарларының, құрылымдық бөлімшілердің басшылары мен "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды.

"Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД кадрлық жұмыстар бойынша іс-жүргізу орталықтандырылған тәртіппен Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің тиісті бөлімшесінде жүзеге асырылады.

23. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысы орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД-нің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-тарау. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД мүлкі

24. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД шұғыл басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД мүлкі оған мемлекетпен тапсырылған мүлік есебінен қалыптасады және "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД балансында

олардың құны көрсетілетін негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өзге де мүліктен тұрады.

25. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңда өзгеше көзделмесе, "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Солтүстікқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
Геология комитеті Төрағасының
2019 жылғы 12 тамыздағы
№ 68-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Орталыққазжерқойнауы" ӨД) Павлодар және Қарағанды облыстарының аумақтарында мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларында функцияларды жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД-нің құрамында:

- 1) Қарағанды өңірлік инспекциясы;
- 2) Павлодар өңірлік инспекциясы бар.

3. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтары және осы "Қарағанды қаласындағы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

4. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД егер осыған уәкілеттік берілген болса, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде актілер шығарады.

8. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан-әрі Министрлік) жауапты хатшысымен бекітіледі.

9. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100012, Қарағанды қаласы, Бұхар Жырау даңғылы, 47.

10. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД толық атауы:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Орталыққазжерқойнауы" Орталық Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі".

11. Осы Ереже "Орталыққазжерқойнауы" ӨД құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қызметтерін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: елдің барлық өндірістік саласын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

15. Міндеттері: мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

1) мемлекет меншігіндегі, сондай-ақ иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының сақталуын бақылау;

3) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

4) тарихи шығындар мөлшерін, геологиялық ақпарат алудың құны мен талаптарын айқындау;

5) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

6) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

7) су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған жеке және өанды тұлғалар жүргізетін су қорғау іс-шараларын келісу;

8) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

9) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру;

10) жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу;

11) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

12) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған, өздері берген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

15) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

16) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

17) өздігінен ағып жататын иесіз гидрогеологиялық және авариялық мұнайгаздық ұнғымаларды жою мен консервациялауды өткізу және ұйымдастыру;

18) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

19) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

20) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

21) тәулігіне 1000 текше метрге дейін жерасты сулары учаскелері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

22) пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

23) жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыз су сапасындағы жерасты суларын пайдалануға және (немесе) алуға су пайдалану шартын келісу;

24) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

25) жер қойнауын пайдаланушының теңгеріміне ұнғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

26) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 2-1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 3-1), 4), 9), 10) және 13) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы тексерудің олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлау;

27) мемлекеттік бақылау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

29) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

30) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету;

31) елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылыс салынатын учаске астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы оң қорытындысын келісу;

32) облыстың жергілікті атқарушы органымен анықталатын кен іздеушілікке арналған аумақтарды келісу;

33) өтініш берілген жер қойнауы учаскесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстар перспективасының жоқ екендігін растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптама қорытындысын беру;

34) пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының

Кодекcінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

35) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларында" (бұдан әрі - Қағидалар), 4-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, 4 және 5-тармақтарында көзделген есептер, мәліметтерді жинақтау мақсаттары үшін ақпаратты, есептерді қағаз тасығышта қабылдау;

36) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияларға аумақтарды келісу;

37) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған аумақтарды келісу;

38) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД құқықтары мен міндеттері:

"Орталыққазжерқойнауы" ӨД-нің мыналарға:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзгеде іс-шараларды өткізуге;

5) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қызметінің басшылық ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

"Орталыққазжерқойнауы" ӨД міндеттеріне кіреді:

1) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД-ге жүктелген міндеттер мен қызметтерді іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

4) бухгалтерлік есепті жүргізу;

5) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Комитет пен Министрлікке беру;

6) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД-ге бөлінген бюджеттік қаражатты толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу кіреді.

3-тарау. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қызметін ұйымдастыру

18. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД басшылықты "Орталыққазжерқойнауы" ӨД жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

19. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД Министрліктің жауапты хатшысымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

20. Басшының Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің жауапты хатшысымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары бар.

21. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының және "Орталыққазжерқойнауы" ӨД құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерін өз орынбасарларын қоспағанда, лауазымға тағайындайды және босатады;

3) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қызметкерлеріне өз орынбасарларын тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

4) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД мүддесін басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

5) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД бұйрықтарына қол қояды;

6) "Орталыққазжерқойнауы" ӨД жұмыс жоспарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Орталыққазжерқойнауы" ӨД басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін тәптішпен белгіленген бұйрығына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД басшысы өз орынбасарларының, құрылымдық бөлімшілердің басшылары мен "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды.

"Орталыққазжерқойнауы" ӨД кадрлық жұмыстар бойынша іс-жүргізу орталықтандырылған тәртіппен Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің тиісті бөлімшесінде жүзеге асырылады.

23. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД басшысы орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде "Орталыққазжерқойнауы" ӨД-нің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-тарау. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД мүлкі

24. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД шұғыл басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД мүлкі оған мемлекетпен тапсырылған мүлік есебінен қалыптасады және "Орталыққазжерқойнауы" ӨД балансында олардың құны көрсетілетін негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өзге де мүліктен тұрады.

25. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңда өзгеше көзделмесе, "Орталыққазжерқойнауы" ӨД өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Орталыққазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
Геология комитеті Төрағасының
2019 жылғы 12 тамыздағы
№ 68-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД) Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарының, сондай-ақ Алматы мен Шымкент республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларында функцияларды жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД-нің құрамында:

- 1) Жамбыл өңірлік инспекциясы
- 2) Түркістан өңірлік инспекциясы;
- 3) Қызылорда өңірлік инспекциясы;
- 4) Талдықорған өңірлік инспекциясы бар.

3. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтары және осы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД егер осыған уәкілеттік берілген болса, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде актілер шығарады.

8. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи

ресурстар министрлігінің (бұдан-әрі Министрлік) жауапты хатшысымен бекітіледі.

9. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 191, 8-қабат.

10. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД толық атауы:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің "Оңтүстікқазжерқойнауы" Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі".

11. Осы Ереже "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметтерін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: елдің барлық өндірістік саласын белсенді дамыту үшін минералдық-шикізат базасын толықтыру мақсатында Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін арттыру.

15. Міндеттері: мемлекеттік геологиялық зерделеу және минералдық-шикізат базасын өндіру салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

1) мемлекет меншігіндегі, сондай-ақ иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының сақталуын бақылау;

3) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

4) тарихи шығындар мөлшерін, геологиялық ақпарат алудың құны мен талаптарын айқындау;

5) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

6) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

7) су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған жеке және өанды тұлғалар жүргізетін су қорғау іс-шараларын келісу;

8) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

9) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру;

10) жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу;

11) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

12) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған, өздері берген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

15) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

16) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

17) өздігінен ағып жататын иесіз гидрогеологиялық және авариялық мұнайгаздық ұңғымаларды жою мен консервациялауды өткізу және ұйымдастыру;

18) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

19) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

20) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

21) тәулігіне 1000 текше метрге дейін жерасты сулары учаскелері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақша 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитеті Төрағасының 12.04.2022 № 29-НҚ бұйрығымен.

22) пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

23) жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыз су сапасындағы жерасты суларын пайдалануға және (немесе) алуға су пайдалану шартын келісу;

24) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

25) жер қойнауын пайдаланушының теңгеріміне ұңғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

26) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 2-1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 3-1), 4), 9), 10) және 13) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы тексерудің олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлау;

27) мемлекеттік бақылау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

29) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

30) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету;

31) елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын зерттеу

жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылыс салынатын учаске астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы оң қорытындысын келісу;

32) облыстың жергілікті атқарушы органымен анықталатын кен іздеушілікке арналған аумақтарды келісу;

33) өтініш берілген жер қойнауы учаскесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстар перспективасының жоқ екендігін растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптама қорытындысын беру;

34) пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

35) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларында" (бұдан әрі - Қағидалар), 4-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, 4 және 5-тармақтарында көзделген есептер, мәліметтерді жинақтау мақсаттары үшін ақпаратты, есептерді қағаз тасығышта қабылдау;

36) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияларға аумақтарды келісу;

37) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған аумақтарды келісу;

38) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД құқықтары мен міндеттері:

"Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД-нің мыналарға:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзгеде іс-шараларды өткізуге;

5) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметінің басшылық ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарын (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

"Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД міндеттеріне:

1) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД-ге жүктелген міндеттер мен қызметтерді іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

4) бухгалтерлік есепті жүргізу;

5) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Комитет пен Министрлікке беру;

6) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД-ге бөлінген бюджеттік қаражатты толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу кіреді.

3-тарау. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшылықты "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

19. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД Министрліктің аппарат басшысымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

20. Басшының Комитет төрағасымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары бар.

21. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының және "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерін өз орынбасарларын қоспағанда, лауазымға тағайындайды және босатады;

3) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлеріне өз орынбасарларын тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

4) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД мүддесін басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

5) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД бұйрықтарына қол қояды;

6) "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД жұмыс жоспарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін тәртіппен белгіленген бұйрығына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысы өз орынбасарларының, құрылымдық бөлімшілердің басшылары мен "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды.

"Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД кадрлық жұмыстар бойынша іс-жүргізу орталықтандырылған тәртіппен Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің тиісті бөлімшесінде жүзеге асырылады.

23. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД басшысы орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД-нің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-тарау. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД мүлкі

24. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД шұғыл басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД мүлкі оған мемлекетпен тапсырылған мүлік есебінен қалыптасады және "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД балансында олардың құны көрсетілетін негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өзге де мүліктен тұрады.

25. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңда өзгеше көзделмесе, "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Оңтүстікқазжерқойнауы" ӨД қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК